

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің
А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ-нің
тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының
2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында жүргізген жұмыстары туралы
АҚПАРАТ**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А.Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» КММ-де 2022-2023 оқу жылының басындағы оқушылардың тамақтануын ұйымдастыруда жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды.

Комиссияның негізгі міндеттері келіп түсетін тамақ өнімдерінің сапасына, отандық тауар өндірушілердің тамақ өнімдеріне СТ-KZ сертификаттарының болуына, дайындалған тағамдардың сапасына, технологиялық жабдықтардың болуына және жарамдылығына, азық-түліктерді, дайын тағамдарды сақтау, жеткізу мерзімдері мен шарттарының сақталуына, балалардың нақты тамақтану рационының күнделікті перспективалық ас мәзіріне сәйкестігіне, асхананың санитарлық жағдайына мониторинг жүргізу кіреді.

Осы міндеттерді жүзеге асыру аясында бірқатар жұмыстар атқарылды. Жаңа оқу жылының басында асхана жұмысының дайындық барысы тексерілді. Асхананың санитарлық жағдайы, технологиялық жабдықтармен қамтылуы, ас мәзірінің ілінуі, перспективалық ас мәзірі мен күнделікті ас мәзірінің сәйкестігі, балалардың жас ерекшелігіне сай астың нормасының сақталуы қаралды.

Комиссия мүшелері гимназия медбикесі Сарсембаева Е.П. күнделікті тамақтың сапасына бақылау жүргізіп, тағамның ас мәзіріне сай дайындалуын күнделікті тексеріп отырды. Әлеуметтік педагог Жалелова Т.А. және сынып жетекшілер білім алушылардың кестеге сай асханаға уақытылы баруын қамтамасыз етті.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия білім алушылардың сапалы тамақтануын үнемі басты назарда ұстап, асхананың жүйелі жұмыс жасауын қадағалайды.

Гимназия директоры:



Иманкулов Н.Е.